

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(129)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. (Турция)
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Турысбек Рахимжан	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500
(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Азкенова Ж., Оразаева Қ.</i> Н. Гогольдің «Ескілікті помещиктер» повесіндегі Данте архетипі және апостасиясы	8-15
<i>Байділдаева Н., Негимов С.</i> Жетес би тағылымы	16-23
<i>Байтанасова Қ.</i> Мәтін теориясының кейбір мәселелері	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы жаңа ізденістер	32-38
<i>Жапанова М., Нұрманова Ж.</i> Асанәлі Әшімовтің «Арылу прозасы»: жанрлық әртектілігі	39-46
<i>Қалиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Герольд Бельгердің шығармашылық даралығының қалыптасуы	47-52
<i>Қожашев М.</i> Жамбылдың жыршылық өнері: қалыптасуы мен ерекшелігі	53-60
<i>Мәжіева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Қазақ эпостарында полигамиялық некенің көркем бейнеленуі	61-66
<i>Найманбай А.</i> Заман шындығы: ақиқат пен көркемдік шешім сабақтастығы ...	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Қазіргі қазақ жастар поэзиясындағы қоғам бейнесі	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Жыршы-жыраулар мектептерінің зерттелуі	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мәдібаева Қ., Юсуп А.</i> Ы.Алтынсариннің «Шариат-ул ислам» еңбегіндегі мұсылман ағартушылығы	87-92

Лингвистика және әдістеме

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентті есімдер: фольклордың ықпалы және әлем мәдени кеңістігіндегі орны (неміс тілі материалы негізінде)	93-98
<i>Біжкенова А., Сәбитова Л.</i> Құрылымдық бөлімшенің ғылыми қызметі - университеттің даму компоненттерін зерттеудің маңызды бағытының бірі ретінде	99-107
<i>Досжан Г.</i> Кірме сөз мәселелерін зерттеудегі интегративтік тәсілдер	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> «Тағам» атауы: лексика-семантикалық аядағы мәдени-таңба бірліктері	119-124
<i>Жұмағұлова А., Сыздықова Г.</i> Лингвэкология және медиакөңістік	125-132
<i>Жұмаханова А., Біжкенова А.</i> Бағалау - қарым-қатынастың сөйлеу актісі	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – тіл теориясы мен танымды байланыстырушы бірлік	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Атаулы грамматикалық категориялардың имплициттілігі	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Лингвофилософиялық дәстүр сабақтастығы: әл-Фарабиден В. фон Гумбольдке дейін	159-166
<i>Өтебалиева Г., Қасқабасова Х.</i> Коммуникативтік құзіреттілік - шет тілін оқыту үдерісін зерттеу аспектісі	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Рождестволық құттықтауларды талдау ерекшелігі - саяси дискурсы элементі	177-184

Әдеби шолу

<i>Қайыржанов А.</i> Шәкәрім. Шынайы ізгілікті іздеу	185-189
--	---------

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Azkenova Zh., Urazayeva K.</i> Dante's archetype and apostasy in the novel of «Old World Landowners» by N. Gogol	8-15
<i>Beydildaeva N., Negimov S.</i> Jetes Biy's Edification	16-23
<i>Baitanasova K.</i> On Some Issues of Text Theory	24-31
<i>Yessenova A., Orazbek M.</i> The latest research related to the poetry of Galym Zhaylybay	32-38
<i>Zhapanova M., Nurmanova Zh.</i> Assanali Ashimov's «Confession Prose»: Genre Diversity	39-46
<i>Kalieva A., Maukeeva A., Rysbaeva A.</i> Formation of Herold Belger's Creative Individuality	47-52
<i>Kozhashev M.</i> Zhambyl's Poetic Art: Formation and Poetry	53-60
<i>Mazhyeva N., Baltabaeva Nazim, Yussup P.</i> The Art Image of Polygam Marriage in Kazakh Epics	61-66
<i>Naimanbai A.</i> Reality of the Era: Continuity of Truth and Literary Solutions	67-72
<i>Salikzhanova Sh., Karipzhanova G.</i> The image of society in modern Kazakh poetry ...	73-79
<i>Sailauova A.</i> On Research of Zhyrshy-Zhirau Schools	80-86
<i>Seisenbiyeva E., Madibayeva K., Yussup A.</i> Muslim Enlightenment in Y. Altynsarin's Works «Shariat-ul Islam»	87-92

Linguistics and methodics

<i>Abdykhanova B., Meirambekova L.</i> Precedent Names: Influence of Folklore and Its Place in World Cultural Space (based on the German language)	93-98
<i>Bizhkenova A., Sabitova L.</i> Scientific Activity of Structural Divisions as One of the Important Components in the Development of a Research University	99-107
<i>Doszhan G.</i> Integrative Approaches to Studying Borrowed Words	108-118
<i>Yerbulatova I., Salimov T</i> Culture-Marked Units of the Lexical-Semantic Field «Food»	119-124
<i>Zhumagulova A., Syzdykova G.</i> Linguoecology and Media Space	125-132
<i>Zhumakhanova A., Bizhkenova A.</i> Evaluation as a Speech act of Communication	133-140
<i>Ilyassova N.</i> Syntagma – a Unit Combining Language and Cognitive Theory	141-150
<i>Kadeyeva M., Dmitryuk N., Narozhnaya V.</i> On Implicitness of Nominal Grammatical Categories	151-158
<i>Tuleubayeva S.</i> Linguophilosophy from al-Farabi to V. von Humboldt: Continuity of Tradition	159-166
<i>Utebalieva G. , Kaskabassova Kh.</i> Communicative Competence: As an Aspect in Studying the Process of a Foreign Language Acquisition	167-176
<i>Shingareva M., Narozhnaya V.</i> Peculiarities of Analyzing Christmas Messages as an Element of Political Discourse	177-184

Literature Review

<i>Kairzhanov A.</i> Shakarim. The quest for absolute good	185-189
--	---------

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Азкенова Ж., Уразаева К.</i> Дантовский архетип и апостасия в «Старосветских помещиках» Н. Гоголя	8-15
<i>Бейдильдаева Н., Негимов С.</i> Назидания Жетес бия	16-23
<i>Байтанасова К.</i> О некоторых проблемах теории текста	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Поэзия Галыма Жайлыбая в свете новых исследований ...	32-38
<i>Жапанова М., Нурманова Ж.</i> «Исповедальная проза» Асанали Ашимова: жанровое многообразие	39-46
<i>Калиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Становление творческой индивидуальности Герольда Бельгера	47-52
<i>Кожашев М.</i> Поэтическое искусство Жамбыла: становление и особенности.....	53-60
<i>Мажиева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Художественное изображение полигамного брака в казахских эпосах	61-66
<i>Найманбай А.</i> Реальность эпохи: преемственность правды и художественного решения	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Образ общества в современной казахской молодежной поэзии	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Об исследованиях сказительских школ (школ жырышы и жырау) ...	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мадиева Қ., Юсуп А.</i> Мусульманское просветительство в трудах Ы.Алтынсарина «Шариат-ул ислам»	87-92

Лингвистика и методика

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентные имена: влияние фольклора и его место в мировом культурном пространстве (на материале немецкого языка)	93-98
<i>Бижкенова А., Сабитова Л.</i> Научная деятельность структурных подразделений как одна из важных составляющих развития исследовательского вуза	99-107
<i>Досжан Г.</i> Интегративные подходы к изучению заимствованных слов	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> Культурно-маркированные единицы лексико-семантического поля «Еда»	119-124
<i>Жумагулова А., Сыздыкова Г.</i> Лингвоэкология и медиапространство	125-132
<i>Жумаханова А., Бижкенова А.</i> Оценка как речевой акт коммуникации	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – единица, связывающая теорию языка и познания	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Об имплицитности именных грамматических категорий	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Преемственность традиций в лингвофилософии: от аль-Фараби к В.фон Гумбольдту	159-166
<i>Утебалиева Г., Каскабасова Х.</i> Коммуникативная компетенция как аспект в изучении процесса усвоения неродного языка	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Особенности анализа рождественских поздравлений как элемента политического дискурса	177-184

Рецензия

<i>Каиржанов А.</i> Шакарим. Поиски абсолютного добра	185-189
---	---------

ХФТАР 17.07.01.82

Қарлығаш Байтанасова

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: k.baitanasova@mail.ru)

Мәтін теориясының кейбір мәселелері

Аңдатпа. Мәтіннің мәні, даму тарихы уақыт өткен сайын толығып отырады. Оған дәлел - мәтіннің көп қырлы сипаты. Мәтіннің негізгі қасиеті – оның қарым-қатынас функциясында. Бұл сипат көркем мәтіннің болмысын толық ашады. Мәтін – тек қарым-қатынас жасаудың әдепкі формасы ғана емес, мұнда сөздің барлық қырлары – тікелей, жасырын, көркем, ишара, ықпалдас, символдау, монолог, диалог тәсілдері ашылады. Ендеше мәтінде сөздің тікелей мағынасы ғана емес, астарлы мәні, белгі-сипаттары айқындалады. Мәтінде ақпараттың жаңа, көркем, бейнелі, жалпы, дербес түрлері жинақталады. Бұл ретте, мәтін - сөзді сақтаудың, жеткізудің, сол арқылы белгілі бір тарихи дәуір бейнесін, әлеуметтік жағдайды, адамға тән сезім-күйі мен психологияны жеткізудің ерекше құралы. Мәтінге берілетін әдебиеттанушылық, философиялық, лингвистикалық анықтамалар мәтіннің көпсалалы болмысын айқындайды.

Түйін сөздер: мәтін, баяндау, интермәтін, дискурс, эмоция, құрылым

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-24-31>

Кіріспе. Қандай мәтін де белгілі бір әрекет жүйесінің ерекше ұйымдасуы, нақты болмыстың шынайы көрінісі. Мәтін тек сол құрылымның аясындағы мән-мазмұнды ғана ашпайды, оның ар жағындағы мәнін де ишаралап көрсетеді. Мәтінде оның ішкі табиғатын айқындайтын уақыт пен кеңістікке байланысты сипаттар жинақталады. Осыған қарап мәтінде жанама түрдегі мәтінішілік, мәтінаралық ақпараттардың берілетініне куә боламыз. Яғни мәтінде оның ішкі көркемдік болмысын айқындайтын уақыт пен кеңістікке қатысты мән-мазмұн жинақталады. Мұнда автордың өмірге деген көзқарасы, идеялық мазмұн, бейнелер жүйесі, тақырыптық мотивтер, авторлық интенция көрінеді. Осы ретте көркем мәтінді талдаудың бірнеше аспектілері айқындалады.

Мақсаты мен міндеті. Метамаәтін – (мета – туралы деген ұғымды береді) мәтін туралы мәтін деген сөз. Метамаәтін мәтіннің ұйымдастырылуын түсіндіру, ондағы өзара байланысты қарым-қатынасты анықтау қызметін атқарады. Яғни оның нақты қызметі мәтіндегі белгілі бір ситуацияның тууын, қабылдануын, мәтіннің белгілі бір тілдік-стильдік тұрғыда түсіндірілуін жүзеге асырады. Осы тұрғыдан келгенде метамаәтінді нақты мәтіннің екінші бір түрі, прагматикалық тұрғыда жүзеге асуы деуге болады. Метамаәтіннің жасалу процесі әдебиеттанудың, лингвистиканың, семиотика мен мәдениеттанудың категориясы болып табылады. Ол автордың өзіндік рефлексиясын (автордың өзіне, өзінің сана-танымына назар аударуы), көркем шығармадағы автордың шығармашылығына дербес қатынасын оның маңыздылығын көрсетеді. Метамаәтін туындыда басқа да функция атқаруға қабілетті, ол автор мен нақты мәтінге қатысты алмасып отырады. Мақалада мәтіннің көпаспектілі болмысын ашуды мақсат еттік.

Зерттеу әдіснамасы. Метамаәтін проблемасын қазіргі метатекстуалдық ұғымына жақын тұрғыда теориялық жағынан дәйектеуге деген қадам алғаш рет ХІХ ғасырдың басына тұспа-тұс келді. Неміс романтизмі теоретигі Фр. Шлегель алғаш рет «поэзия поэзии» - «поэзияның поэзиясы» («Die Poesie der Poesie») деген терминді ұсынды [1, 183 б.]. Ол бұл ұғымды «трансцендентальді («логикадан тыс») поэзия» ұғымын сипаттау кезінде қолданды. Шлегельдің терминін О. Мандельштамның поэзиясын талдау кезінде В.М. Жирмунский де пайдаланған [2, 87 б.]. Зерттеуші Мандельштамның өлеңдерін «өмір поэзиясы емес», «поэзияның поэзиясы» деп атаған. Яғни, бұл поэзияның негізі ақынның дербес қа-

былдауындағы өмір емес, өмірді өзгеше көркемдік түрде қабылдауы. Француз философы Ж.Ф. Лиотар және американдық әдебиеттанушы Фр. Джеймсон ХХ ғасырдың ортасында «нарратив», «метамәтін» теориясын орнықтырды [3]. Зерттеуші оның аясында кез келген «түсіндіру жүйесін»: дін, тарих, ғылым, психология, өнерді атайды. Р. Барт «Литература и метаязык» (1957) еңбегінде метатіл және метаәдебиет проблемасын қарастырды [4, 108]. Орыс әдебиеттануында метамәтін проблемасы ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Бұл кезеңде тілші ғалымдар мәтінді нақты белгілер жүйесі (А.А. Потебня, Р.О. Якобсон, М.М. Бахтин, Ю.М. Лотман) ретінде зерттеу нысанына алды. Зерттеушілер басты назарды «ой» (смысл) – мәтін» проблемасына аударып, мұны белгілі бір конструкция ретінде қарастырды. Метамәтіндік функцияны белсенді тілдік бөлшек ретінде Р.О. Якобсон дербес зерттеді. Ғалым метамәтінді басқа тілдік жүйеде баламасы жоқ құрылымдық бірлік ретінде санады [5].

Қазіргі ғылымда бұл ұғымның шекарасы әр зерттеушіде «мәтін туралы мәтін», «мәтіндегі мәтін» (А. Попович, М.Р. Майенова) тіркестерінен бастап, «авторлық баяндау туралы авторлық баяндау» дегенге дейін аталып жүр. Жапон зерттеушісі Ким Хюн Еун бұл ұғымның әдебиеттанушылық мәнін лингвистика мен семиотикадан бөлек алып қарастыру керек екендігін көрсетеді [6]. Лингвистика ғылымында «метамәтін» ұғымы А. Вежбицкаяның «Метатекст в тексте» еңбегі жарыққа шыққаннан кейін кең қолданыла бастады. Лингвист зерттеуші А. Вежбицкая лингвистикалық семантика, прагматика мен тіларалық әрекеттестік мәселелерін қарастырған. «Метатекст в тексте» зерттеуінде авторлық монологтік мәтінді зерттеуші белгілі бір зат түріндегі айтылым, белгілі бір ой туралы айту «двутекст» (екіжақтымәтін) деп атайды. Ғалымның айқындауынша «метамәтін – бұл негізінен семантикалық элементтермен бірлескен қыстырма сөздер мен оралымдар, ал оның функциясы негізгі мәтіндегі «семантикалық өрнектерді» түсіндіру үшін қажет. Басқаша айтқанда А. Вежбицкаяның пікірінше «метамәтін дегеніміз – осы тілдік ситуация ағымындағы сөз туралы айтылған ой [7, 53 б.].

Ғылыми тұжырымның талдануы. Әдебиеттануда метамәтін – бұл «тек белгілі бір затқа ғана емес, сонымен бірге ол туралы айтылған автордың сөзіне арналған мәтін. Ю. Лотман «Бейнелеу объектісі сол әдеби бейнелеудің өзі» болады дейді. Құрылымдық-семиотикалық тәсілге сәйкес метамәтін арқылы алғашқы тілдің шешімін табатын код түсініледі. Мұндай трактовка сонымен бірге лингвистикада, структурализм мен постструктурализмде де көрініс тауып, ғалым Ю. Лотманның еңбектерінде дәйектелді. Лотмандық тәсілге сәйкес метамәтін ретінде туындының атауы, мәтіннің құрылымдық бөлшектері, бөлім атаулары, эпиграфтар, шығармаға қатысты, негізгі мәтінге кірікпеген авторлық ескертулер, сол сияқты әр текті «лирикалық шегіністер» және шығарманың өзіндегі шығарма туралы толғамдар (соңғысы әсіресе, жазушы-постмодернистерде Е. Попов, Дм. Липскеров, В. Пелевин, Вен, Ерофеев, Д. Лодж, П. Теру жиі кездескен) аталады.

Зерттеуші Ю. Лотман өзінің «Мәтіндегі мәтін» мақаласында метамәтін ұғымын әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, семиотик ретінде арнайы риторикалық құрылым ретінде қарастырып, бұл мәтіннің әр бөлігіндегі кодтанудың айырмасы авторлық құрылым мен оқырманның мәтінді қабылдау факторларын айқындайтындығын айтады [8, 28]. Семиотикалық қабылдау жүйесінің бірінен екіншісіне қандай да бір ішкі құрылымдық көкжиекте (шекте) жасалуы орталық негізгі ойды құрайды. Метамәтінге ұмытылушылық Лотманның пікірінше мәтіннің имманентті (ішкі, сол мәтіннің шегінде) сипатын танытады. Осы метамәтінге қатысты зерттеуін ғалым «Евгений Онегинді» талдау арқылы дәйектейді. «Роман в стихах Пушкина «Евгений Онегин» еңбегінде зерттеуші «бөгде сөздің» үш түрінен «авторлық баяндау туралы авторлық баяндауды» бөліп алады да оны «метақұрылымдық пласт (қабат)» деп атайды. Ғалымның пікірінше метамәтіндік қабатта бейнелеу объектісі сол әдеби бейнелеудің өзі болады. Орыс зерттеушісі М. Бахтиннің теориясында метамәтін

металингвистиканың негізін жасаған ұғым ретінде қарастырылады. Зерттеуші оны диалогтағы субъектілер қатынасының негізі деп санайды. М.Бахтин өзінің көптеген еңбектерінде метамәтін терминін қолданбаса да, оның айтқан тұжырымдары метамәтін проблемасына қызығушылық танытқанын дәлелдейді. Бахтиндік теорияда «мәтіндегі мәтін» семиотикалық ұғымы «бөгде сөз» ұғымына сәйкеседі [9].

Метамәтін ұғымын жете ұғыну үшін оны интермәтіннен ажыратып алу керек: егер интермәтін берілген мәтінді барша көпқырлылығымен, басқа, бөтен туындылармен байланысты қарастырса, метамәтін өз-өзімен тұйықталып қалады. Интермәтіннің функционалдық (қолданбалы) мүмкіндігі шексіз – бұл интермәтін әрекеті арқылы әр түрлі формалардың пайда болатынынан туындайды. Интермәтін құбылысы мәдениеттің, өнердің, әдебиеттің және тілдің аясында көрінеді. Біз интермәтінде тек өткеннің тәжірибесін айғақтап қана қоймаймыз, сонымен бірге оның белсенді түрде жүзеге асып, дамып, сабақтасатынын да көреміз. Интермәтін өткен тәжірибеге назар аудару, таңдау сипатын иеленеді. Интермәтін – өткеннің тәжірибесін бүгінге тек формальді түрде көшіру механизмі емес, сонымен қатар өткеннің тәжірибесін бүгінгі күн арқылы үнемі қайталап ойдан, сұрыптаудан өткізу үдерісі. Осы айтылғандар интермәтінді адамзат тәжірибесіндегі маңызды мәдени фактор екенін айғақтайды. Түйіндей айтқанда интермәтінділік механизм ең азы екі контекстік тәжірибеде: өткен мен бүгіннің қатынасына түседі. Осы ретте бұрынғының элементтері немесе белгілері бүгінгіде қайталанатын. Яғни әр түрлі контексте қолданылатын бірдей элемент немесе екі әр текті элемент қарым-қатынасқа түседі. Екі контексті тәжірибе бір-біріне қарама-қарсы байланыста да болады: қайталанатын элементтер немесе белгілер өзді-өзімен қалады, солай бола тұра өзгеше тұрпатқа ие де болады. Бұл кезде қандай да бір жағдайға басымдық бере алмаймыз: ұқсас бола тұра айырмасы бар. Бір жағынан белсенді мәтін алдыңғының жалғасы әрі екінші жағынан бұл оны қайта ой елегінен өткізу, мағыналық бейімдеу тұрғысынан терістеуге қызмет етеді. Контекстердің қақтығысынан ситуация және уақыт жағынан бір-бірінен алшақ тұратын мәтіндердің дискурсивтілігі туындайды. Интермәтінді мәдени және тілдік дискурстың негізі, қозғаушысы деп атауға болады. Дискурстық деген сөздің аясында мәтіннің өзектілік реттілігін – мәтіннің ішкі сапалық ерекшелігін, бағытталу (сызықтық) қатынасын түсінеміз. Интермәтін – әр түрлі мәтіндердің арасындағы дискурстықтың түрде қалыптасқан сызықтық қатынасы. Интермәтін мәдениеттегі мәтіндердің кірігуін (синергетика), мәдениет пен тілдегі стилистикалық, жанрлық, тақырыптық кеңістікті тудырады. Сонымен интермәтін метамәтін сияқты мәтін интерпретациясының белгілі бір түрін көрсетеді. Дегенмен ол мәтін мағынасының шеңберінен шығып, оның мән-маңызын кеңейтеді. Метамәтіндік интерпретациядан интермәтіндік интерпретация бірнеше белгілері бойынша ажыратылады. Олар:

1) Интермәтіндік интерпретация дискурсивті, ол мәтіннің дискурсивті түрде айқындалған жалғасы деп түсіндіріледі; метамәтіндік интерпретация виртуалды, тек бір сызықты, бағытталу мәтіннің ашылуын ғана қайталайды.

2) Интермәтінділік басқа контекстегі принциптерді тірек етеді немесе өзге контекстегі оның бөлігі, алғашқысымен байланыссыз басқа ситуациялық жағдай; метамәтін интерпретацияланатын нақты мәтінді, контекстік алмасуды жасай алмайды.

3) Интермәтінде біз бір мәтін арқылы келесі мәтінді символикалық түрде көре аламыз; нақты мәтін мен метамәтін арасында символикалық қатынас пайда болмайды; метамәтін – бұл шынайы дүниенің виртуалды (мүмкін) суреттемесі.

4) Интермәтінде біз кейбір мәтіндердің және олардың контекстінің өзара «бәсекелестігін» көреміз, интермәтінде бір мәтін арқылы екіншісін бағалау туады; метамәтінде біз кәдімгі қайта аталудың актісін – бұл жерде бағалау немесе субъектілік қарым-қатынасты беру емес, өзіндік нақты болмысты ашатын жаңа ақпаратқа қол жеткізуді көреміз.

Интермәтінділіктің формасы барынша әр қилы: оның мәдениет, өнер мен әдебиет аясына қатысты бөлігі үнемі кешенді зерттеледі. Қазіргі кезде ғылымда интермәтіннің поэтикалық құбылыс ретіндегі артықшылығын көрсету маңызды мәнге ие. Мұнымен, қоса интермәтінде тек поэтикаға ғана емес, риторикаға қатыстылығы да айқындалады. Яғни интермәтінділік тілдік аяны қоса алғанда көптеген деңгейде қарастырылуы керек. Тілдік интермәтінділікті айқындау мен талдау әдебиетке қарағанда тілдің мәдени тәжірибедегі орнын, табиғатын, шекарасын айқындайды.

Интермәтінділіктің тілдік формасына мыналарды жатқызуға болады: А) мақалдар, афоризмдер, қанатты сөздер – бұл формалар белгілі бір ситуацияларда қолданылады да, олардың тәжірибесі нақты қадағаланады. Мәселен, мақал-мәтелдер «қандай да бір ситуациялардың белгісі» болып келеді. Бұл ретте ситуация арқылы мақалдың контексті анықталады. Мақалды басқа контексте қолдану оның мағыналық қабылдауын күшейтеді, мақалдың дискурсивті байланысын өткендегі және қазіргі жағдайдағы мәнді қолданысын орнықтырады. Мәселен, қызмет түрі ұқсас, ойлауы үндес адамдардың кездейсоқ жолығысуын көргенде «Балықшы балықшыны алыстан таниды» дейміз. Бұл мәтелдің осы қолданысы арасында ешқандай байланыс жоқ. «Сүтке күйген адам суды үрлеп ішеді» дегенде де айтылған мәтел мен айтылу ситуациясы арасында байланыс жоқ. Тілдік идиоматика мен тілдің бейнелілік құралында метафора механизмі кең көрініс береді. Шындығында кез келген метафора мөлтек (миниатюралы) интермәтінді береді. Мәселен, «өкшесін басып қалды», «бөтен дауыспен ән салу» дегенде тура айтылып тұрған нысандар туралы емес. Олардың өзгерген мағынасының мәні терең. Кез келген өзгерген, ауыспалы мағынада қолданылатын сөз дискурсивті интерпретацияға жатады. Тілдік дискурс метафорада пайда болды. Сөздің мағынаны жинақтаушы функциясы да тілдік дискурсты құрайтын құрал ретінде түсіндіріледі. Сөз мағынасының белсенді жүзеге асуы бір жағынан, сөз мағынасының барлық бұрынғы тәжірибесінің ассоциациясын тудырады, екінші жағынан, сөздің мағыналық тәжірибесін терістейді. Осылайша, алдыңғы сөз тәжірибесі одан кейінгі мағынаға тартылады да, бұл дискурсивті қатынас ретінде түсіндірілуі мүмкін. Сөздер арасындағы мағына, олардың «бәсекелестік» немесе «ынтымақтастық» қызметі бір-бірімен тілдік узусте (тілдік бірлік) дискурсивтік тілдік тәжірибе терминдерінде интерпретацияланады.

Интермәтін мен метамәтін тілде, тілдік тәжірибеде іргелес өмір сүреді. Олар бір-бірін толықтырып отырады. Интермәтінде әрі қарай метамәтіндік деңгейде, яғни грамматикалық норма немесе тілдің грамматикалық категориясы ретінде бекітілуі мүмкін тілдік тәжірибе туады. Интермәтін тілдік тәжірибеде басымдыққа ие болып, тілдік бірліктің шекарасын жылжытады да оны барынша түрлендіреді. Метамәтін мен интермәтіннің «бейбіт қатар бірлесе өмір сүруі» тіл аралық қатынаста, яғни аударма аясында аяқталады.

Психолингвистика, лексикология, фонология салаларының дамуына ерекше үлес қосқан Л. Щерба: «Мәтіннің болуының өзі оның айтылуының алғышарты», - дейді [10, 89 б.]. Мәтінді оқу арқылы автор мен оқырманның арасында диалог орнығады. Көркем мәтінді оқу арқылы автор бірнеше тарапты ақпарат алады: қабылдайды, түсінеді, ой жарыстырады, салыстырады, елестетеді.

Соңғы кезде көркем мәтіннің құрылымы туралы эстетикалық түсініктер семиотика саласының ұғымдарымен толығырақ түсті. Көркем шығарма тілін туынды, яғни негізгі емес модельдік жүйе ретінде қарастыру – эстетикалық қабылдау психологиясы үшін өнімді тәсіл. Көркем бейне – нақтылық пен жалпылықтың бірлігі. Ол сөз болып отырған құбылыстар туралы көрнекі ұғымдардың тууына әсер етеді, әдеби шығарма кейіпкерінің нақты өмірлік жағдайға тасымалдануы оқырман эмоциясын тудырады. Яғни оқырманда өмірлік жағдайлар және адамдардың өзін-өзі ұстауы, іс-әрекеті туралы жалпы тәжірибесі болуы керек. Дегенмен, эстетикалық қабылдау үшін тек мәтіннің негізінде нақты бейнелердің тууы жеткіліксіз. Олар оқырман түсінігінде көркемдік-идеялық мазмұнның бір қыры ретінде қалып-

тасуы қажет. Оқырман үшін ең қиыны – осы. Егер шығармадағы суреттелетін болмысты қабылдау оқырманды кейіпкермен бірге ойланып – сезінуді, оның бейнесі мен өз ойының үндесуі сезімін тудырса, оқырман мұны шығарманың идеялық мазмұны ретінде қабылдайды. Сондай-ақ туынды көркемдігінің көрсеткіші ретінде оқырмандардың көбі «жазылған дүниені түсіну» деп санайды. Бірақ мұндай жағдайда шығарманың идеялық мазмұны оқырман үшін белгісіз болуы мүмкін. Сондықтан, эстетикалық қабылдау үшін бейнеленген нәрсені айқын елестете алу жеткіліксіз. Осындай елестету үнемі көркем елестету, яғни эстетикалық құндылықты көрсететін бейнелік жалпылау бола алмайды. Яғни, эстетикалық қабылдау үшін көркем шығармадағы құбылыстарды, болмысты елестету жеткіліксіз.

Әдебиеттанушы Т. Есембеков: «Көркем мәтіннің фатикалық қызметі (қарым-қатынас) арнайы «адресаттық белгілер» арқылы жазушының оқырманмен эмоционалдық, интеллектуалдық байланыс орнатуы болып табылады. Ал эмфатикалық функция (көркем, бейнелі) сол байланыстың нақты объективтік нәтижесі, оқырман ойы мен бойындағы, жан дүниесіндегі белгілі бір сипатқа ие болған әсері мен ықпалының көрінісі. Сөз басы пайда болуының құпиясы көп, зерттелуі қиын эстетикалық сезім туралы болмақ. Өнердің басты мәселелерінің бірі болып саналатын бұл феномен талайдың назарын аударған, әрқилы ғылыми ізденістерге түрткі болған», - дейді [11, 25 б.]. Мәтіндегі мәтін – бұл нақты авторлық мәтінге өзге мәтіннің енуі. Осылайша бірыңғай мағыналық кеңістіктегі мәтінді басқа мәтіндегі әр түрлі элементтерді енгізу арқылы толықтырып, кеңейтуге болады. «Өзге» мәтін ретінде сол автордың басқа шығармаларын да алуға болады. Өзге мәтін нақты мәтінде әр қилы көрініс береді. Тікелей, үзінді, әңгімелеу, баяндау ретінде алуға болады.

Әдеби реминисценция (еске алу) - автордың жекелеген бейне, мотив, стилистикалық тәсілдерді қолдану нәтижесінде өзге туындыны еске түсіру. Мұның ең күрделісі мәтінге кіріктірілген мәтіннің басты сюжетпен шынайы түрде қатар жүруі. Мәтінге мұндай кіріктіру тәсілі жазушы Ш. Айтматов шығармаларында байқалады. Қаламгердің басым туындыларында негізгі мәтін мен аңыз мәтіні қатар жүреді. Оған дәлел «Ақ кеме», «Боранды бекет», «Жанпида» туындылары. Тіпті аңыз мәтіні идеялық-логикалық тұрғыда жетекші мәнге ие болып, психологиялық және философиялық тұрғыда нақты оқиғаны айқындап отырады. «Мәтін ішіндегі мәтін – бұл тек қана автордың эрудициясы немесе тек сыртқы ажарлау емес. Мәтін ішіндегі мәтін негізгі мәтіндегі басым идеяны (доминант) айқындап, жаңа бір ойға, мәтіндегі оқиғаны жаңаша қабылдауға жетелейді [12, 103 б.]. Мәселен, қаламгердің «Ақ кеме» хикаятында бұғылар туралы аңыз тек мәтінге реңк беріп тұрған жоқ. Негізгі мәтінге жуық салмақты көтеріп тұр. Себебі, хикаят басталғанда-ақ ертегі ауызға алынады. Негізгі кейіпкер (жеті жасар бала) ертегі мен аңыздың аралығында өседі. Олар – өзі ойдан шығарып алған ертегісі мен атасының бұғы-анаға қатысты ертегі-аңызы. Осы нақты және ойдан шығарылған кеңістік аралығында өсіп, есі кірген бала үшін екеуінің мәні бірдей. Тіпті кейде сол қиялдағы әлемді көбірек аңсайды. Шығарма соңында бала өзі көп іздеп, аңсарына айналған мекенге бет түзейді. Аңыз мәтіні нақты шығарманың сюжетіне кірігіп кеткен.

Қаламгер Ғ. Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» шығармасында романтикалық әуезді тақырыптың ашылуы бірден басталмайтынына көзіміз жетеді. Алайда, ақындық толғаныс, өрнек байқалады. Автор шығармасында қосымша дәйек, белгілермен мәтіннің көркемдік кеңістігін кеңейтіп, астарлы, ишаралы ойларды ұсынып отырады. «Жиырма екі жасында патшаны құлатысып еді. Жиырма үшінде Уақытша үкіметті құлатысты. Енді міне, Колчактың жалаң қылышы желкемізде жарқылдап тұрған кезде қазақ даласының қақ ортасында қызыл жалау орнатты! Ақын да, батыр да осындай болсын да!» [13, 9 б.]. Автор бұл үш түрлі тарихи оқиғаны айту арқылы ол туралы емес, өзінің бұл шығармасындағы басты идеяны айқындауды мақсат еткен. Себебі, қаламгердің әу баста ерекше назар салып, дәріптейтіні ақын болмысы, ақындық («Жас ақынның атағын көтеріп әкеткен осы оқиғалар екені

